

Кімге: Абай облысының қаржы басқармасының инвестициялық жобаларды есепкеалу бөліміне

Кімнен: Абай облысының қаржы басқармасының бюджеттің атқарылуы бойынша есептілікті талдау және есептілік бөлімінің басшысы Маратова Марал Маратовна

Аналитикалық жазба: Бюджеттік инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы, мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы

Күні: 10 қазан 2024ж

Бюджеттік инвестициялық жобалар – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдау мақсатында жүзеге асырылатын маңызды құрал. Олар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын және инфрақұрылымды, әлеуметтік саланы, экономиканың стратегиялық секторларын дамытуға бағытталған жобалар. Қазақстанда мұндай жобалар мемлекеттік бюджеттің маңызды бөлігі болып табылады және ұзақ мерзімді перспективада халықтың әлауқатын арттыруға, экономиканы әртараптандыруға, аймақтық теңсіздікті азайтуға арналған.

1. Бюджеттік инвестициялық жобалардың маңыздылығы

Бюджеттік инвестициялық жобалар келесі салаларда маңызды рөл атқарады:

- Инфрақұрылымдық даму: автомобиль жолдары, көлік, энергетика және коммуналдық инфрақұрылым сияқты маңызды секторларда инвестициялар халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталған.

- Әлеуметтік сектор: денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау сияқты салаларға инвестициялар әлеуметтік теңсіздікті азайтуға, жұмыс орындарын құруға және халықтың әлауқатын арттыруға ықпал етеді.

- Экономиканы әртараптандыру: бюджеттік жобалар арқылы жаңа салаларды дамыту, инновацияларды енгізу және өнеркәсіпті жаңғырту бағыттары күшейеді. Бұл мұнайға тәуелділікті азайтуға және экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2. Негізгі бағыттар

Қазақстанда бюджеттік инвестициялық жобалар бірнеше басым бағыттар бойынша жүзеге асырылады. Оның ішінде ең ауқымды екі бағытқа тоқталатын болсақ. Олар:

- **Елімізде жүзеге асырылған “Нұрлы жол” бағдарламасы** аясында көлік және логистика салаларына үлкен қаражат бөлініп, халықаралық және ішкі көлік дәліздері дамытылуда. Мемлекеттік бағдарламаның бірінші бесжылдығын аяқтау қорытындысы бойынша Республикалық маңызы бар автожолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 88% — ға және жергілікті

маңызы бар автожолдардың үлесі 71% - ға дейін жеткізілді. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру қорытындысы бойынша Республикалық маңызы бар 3 мың шақырымға жуық автожол салынды және реконструкцияланды, оның ішінде: Батыс Еуропа – Батыс Қытай — 527 км, орталығы – Оңтүстік-324 км, орталығы-Шығыс – 795 км, Қапшағай — Талдықорған-160 км, Астана-Петропавл — РФ шекарасы – 177 км, Орал – Каменка – 100 км, Ақтөбе – Атырау — Астрахань – 42 км, Талдықорған-Өскемен -Каменогорск-20 км, Қалбатау-Майқапшағай – 18 км, Бейнеу — Ақтау – 382 км, Жетібай — Жаңаөзен – 73 км, Бейнеу — Ақжігіт – 85 км, Щучинск — Зеренді – 80 км, Таскескен — Бақты-80 км, Астананың оңтүстік-батыс айналма жолы — 34 км, Сәтбаев айналма жолы — 15 км Павлодар – Омбы — 59 км, Тобыл өзені арқылы өтетін көпір — 3 км. Республикалық маңызы бар 10 мың шақырымға жуық автожол және жергілікті маңызы бар 15 мың шақырым жол жөнделді. Республикалық маңызы бар I және II техникалық санаттағы жолдардың ұзындығы 34% - ға (8,2 мың км) дейін ұлғайтылды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің деректері бойынша Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын жол бойындағы сервис объектілерімен қамтамасыз ету 100% - . құрады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша Республикалық маңызы бар автожолдар бойында жол бойындағы сервистің 1 803 объектісі жұмыс істейді, оның 883-і (49%) ұлттық стандарт талаптарына сәйкес келеді. "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасы аясында 2015-2017 жылдары 108 жаңа жалпы білім беретін мектеп және 19 балабақша салынды.

Бағдарламаның бөлімдерінің бірі бюджеттік кредиттеу және субсидиялау тетігі арқылы қаржыландырылатын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын және жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту (реконструкциялау және салу) болып табылады. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2020 жылға дейін тозуды 67% - дан 57% - ға дейін төмендету жоспарланған болатын. Сонымен қатар, тұтынушыларға ұсынылатын коммуналдық қызметтердің сапасын жақсарту жоспарланған болатын. 2015-2019 жылдар кезеңінде 418 жобаны іске асыру үшін 267,1 млрд теңге бөлінді, 3 482,6 км жылу, сумен жабдықтау және су бұру желілері, 24 қазандық, 88 басқа объектілер салынды және реконструкцияланды. ҚР ИИДМ 2019 жылдың соңына қарай желілердің тозуы 57% - ға дейін төмендегенін атап өтті. Құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасуда. [1]



Қазақстанда тұрғын үй мәселесі халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Бұл мәселені шешуге бағытталған басты мемлекеттік бағдарламалардың бірі – **«Нұрлы жер» бағдарламасы**. 2017 жылы іске қосылған бұл бағдарлама тұрғын үй құрылысын жеделдету, қолжетімді баспана ұсыну және құрылыс саласын дамыту мақсатын көздейді. Оның негізгі бағыттары – тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру, ипотекалық несиелеуді субсидиялау, арендалық тұрғын үй салу, сондай-ақ жеке тұрғын үй құрылысына қолдау көрсету. «Нұрлы жер» бағдарламасының заңдылықтары мен нормативтік-құқықтық базасы оның мемлекеттік деңгейде тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Бағдарлама тұрғын үй саясаты мен құрылыс саласын реттейтін заңдарға және нормативтік актілерге негізделген. Бағдарламаның құқықтық негіздері арқылы тұрғын үй құрылысы мен оған қатысу шарттары, субсидиялау механизмдері және қатысушылардың құқықтары мен міндеттері айқындалады.

«Нұрлы жер» бағдарламасының басты мақсаты – тұрғындардың кең тобы үшін қолжетімді тұрғын үйді ұсыну арқылы елдегі тұрғын үй мәселесін шешу. Бағдарлама төмен пайыздық мөлшерлеменен ипотекалық несие беру арқылы, сондай-ақ арендалық тұрғын үйлер ұсыну арқылы әлеуметтік осал топтардың тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған. “Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бағдарламалар туралы” заңы бойынша:

Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу, бекіту және жүзеге асырудың құқықтық негіздерін анықтайды. Тұрғын үй саясатының негізгі бағыттарын реттейтін министрліктің нормативтік құжаттары мен ережелері «Нұрлы жер» бағдарламасының іске асырылуын қолдайды.

Бағдарлама аясында бірнеше негізгі міндеттер айқындалған:

- Тұрғын үй құрылысының көлемін арттыру;
- Халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Ипотекалық несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау;
- Инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген жер учаскелерін жеке тұрғын үй құрылысы үшін бөлу;
- Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін дамыту арқылы азаматтардың тұрғын үй жинақтарын ынталандыру.

Аталған бағдарламаның артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталсақ. Артықшылықтары:

1. Қолжетімді тұрғын үйге қолжетімділіктің артуы. Бағдарлама арқылы көптеген әлеуметтік осал топтар, көпбалалы отбасылар, жастар мен жұмыс істейтін азаматтар төмен пайыздық мөлшерлеменен тұрғын үй сатып алу мүмкіндігіне ие болады. Бұл халықтың экономикалық белсенділігін арттырып, әлеуметтік тұрақтылықты күшейтеді.

2. Ипотекалық несиелеуді субсидиялау. Бағдарлама бойынша ипотекалық несиелерді субсидиялау тұрғындарға тиімді шарттармен несие алуына мүмкіндік береді. Бұл әсіресе банк несиелерімен салыстырғанда әлдеқайда төмен пайыздық мөлшерлемелер ұсынылуы арқылы жүзеге асады (әдетте 5-10%).

3. Тұрғын үй құрылысының кеңеюі. «Нұрлы жер» бағдарламасы елдегі тұрғын үй құрылысының көлемін едәуір арттыруға ықпал етті. Мемлекеттік қолдау арқылы жаңа тұрғын үй кешендері мен жеке үйлердің құрылысы белсенді түрде дамып келеді.

4. Инфрақұрылымның дамуы. Бағдарлама аясында жеке тұрғын үй құрылысына арналған учаскелерді инфрақұрылыммен (су, жылу, электр жүйелері) қамтамасыз ету мәселесі шешілуде. Бұл тұрғын үйдің қолжетімділігін арттырып, жеке құрылыс саласын дамытуға мүмкіндік береді.

Кемшіліктері:

1. Тұрғын үйге деген сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімсіздік. Бағдарлама тұрғын үй құрылысын арттырғанымен, көптеген аймақтарда сұраныс ұсыныстан асып түседі. Бұл ірі қалаларда, әсіресе Нұр-Сұлтан мен Алматыда тұрғын үй бағаларының өсуіне әкеледі, бұл қолжетімді баспана саясатының тиімділігін шектейді.

2. Аймақтардағы инфрақұрылымдық қиындықтар. Кейбір өңірлерде инфрақұрылымның дамуы баяу жүріп жатыр, бұл жеке тұрғын үйлердің салынуын тежейді. Әсіресе ауылдық аймақтарда инженерлік желілердің жетіспеушілігі жеке үй салуға кедергі келтіреді.

3. Қаржыландырудың жеткіліксіздігі. Бағдарламаға бөлінетін қаражат көлемі кейде сұранысты толық қамтуға жетпейді. Бұл кейбір азаматтар үшін бағдарламаға қатысу мүмкіндігін шектейді.

4. Әлеуметтік топтардың теңсіз қатысуы. Бағдарлама бастапқыда әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсетуге бағытталғанымен, кейбір азаматтар оның шарттарына сәйкес келмей қалуы мүмкін. Бұл әсіресе табысы аз немесе тұрақты жұмысы жоқ азаматтарға қатысты.

Бағдарламаның жүзеге асуы барысында бірқатар қиындықтар туындауда. Солардың өзекті мәселелеріне тоқталатын болсақ:

1. Бюрократиялық кедергілер. Бағдарламаға қатысу үшін қажетті құжаттар жинау және бекіту процесі кейде ұзақ және күрделі болуы мүмкін. Бұл халық арасында бағдарламаға деген сенімсіздік тудыруы ықтимал.

2. Құрылыс сапасы мәселелері. Кейбір жағдайларда жаңа салынған тұрғын үйлердің сапасы төмен болып, халықтың шағымдарына ұшырап жатады. Бұл ұзақ мерзімді қолданысқа арналған тұрғын үй құрылысының сапасын арттыруды қажет етеді. [2]

Осы аталған бағдарламалардың қаржыландыру және жүзеге асыру механизмі:

Бюджеттік инвестициялық жобалар мемлекеттік бюджет арқылы қаржыландырылады, ал кейбір жобалар халықаралық қаржы институттарының қатысуымен жүзеге асырылады. Олардың жүзеге асырылуы бірнеше кезеңдерден өтеді:

- Жоспарлау және іріктеу: жоба ұсыныстарын бағалау және талдау. Бұл кезеңде жобалардың экономикалық тиімділігі, әлеуметтік маңыздылығы және экологиялық әсері ескеріледі.

- Қаржыландыру: бекітілген жобаларға мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінеді. Кейбір жобаларға қосымша қаржы халықаралық ұйымдардан немесе жеке сектордан тартылады.

- Мониторинг және бағалау: жоба іске асырылғаннан кейінгі кезеңде оның тиімділігі мен нәтижелілігі бағаланады. Бұл келесі жобаларды жоспарлауда маңызды рөл атқарады.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысында бірнеше қиындықтар туындайды:

- Қаржылық ресурстардың шектеулігі: бюджет қаражатының жеткіліксіздігі кейбір жобалардың толық жүзеге аспауына немесе кейінге қалдырылуына себеп болуы мүмкін.

- Тиімділік мәселесі: кейбір жобалар тиімсіз жоспарлануы немесе дұрыс басқарылмауы салдарынан күтілген нәтижелерге жетпей қалуы мүмкін.

- Аймақтар арасындағы теңсіздік: кейбір аймақтар бюджеттік инвестициялардан көбірек пайда көріп, басқа аймақтар артта қалып қоюы мүмкін.



Бюджеттік инвестициялық жобалардың тиімділігін арттыру үшін бірнеше шараларды қабылдау ұсынылады:

- Жобаларды мұқият іріктеу: тек экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан тиімді жобаларға басымдық беру.
- Мониторингті күшейту: жобаларды жүзеге асыру процесін қатаң қадағалап, орындалу барысын бақылау.
- Қаржыландыру көздерін әртараптандыру: халықаралық қаржы институттары мен жеке секторды тарту арқылы қаржыландыруды арттыру.
- Аймақтық теңсіздікті азайту: әр түрлі аймақтардағы жобаларды теңестіріп, артта қалған аймақтарға көбірек көңіл бөлу.

Бюджеттік инвестициялық жобалар Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуына елеулі үлес қосатын маңызды құрал болып табылады. Оларды тиімді жүзеге асыру елдің ұзақ мерзімді даму мақсаттарына жету үшін қажет. Дегенмен, қаржыландырудың шектеулілігі, тиімсіз басқару және аймақтар арасындағы теңсіздік сияқты мәселелер бұл жобалардың табысты орындалуына кедергі келтіруі мүмкін. Осыған байланысты тиімді жоспарлау мен басқару, сондай-ақ мониторинг жүйесін жетілдіру қажет.

«Нұрлы жол» бағдарламасы – Қазақстан Республикасының инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. «Нұрлы жол» бағдарламасы Қазақстанның инфрақұрылымын жақсарту арқылы экономиканы дамытуда маңызды рөл атқарды. Оның аясында көлік, энергетика, тұрғын үй және әлеуметтік салалардың даму қарқыны артты. Бағдарламаның нәтижесінде Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктері кеңейіп, ішкі экономикалық байланыстар нығайды. Алдағы уақытта бағдарлама тиімділігін одан әрі арттыру үшін бақылау жүйесін жақсартып, қаржылық және әкімшілік процестерді оңтайландыру қажет.

«Нұрлы жер» бағдарламасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылып, тұрғын үй саласын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бағдарламаның заңдылықтары оның тиімділігі мен қатысушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Құқықтық база бағдарламаға қатысатын барлық тараптардың жауапкершілігін анықтап, тұрғын үйге деген сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Пайдаланылған дерек көздер:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығының 2 параграфтың 7 пункті

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпарат-тық ресурстар сайтынан:

<https://primeminister.kz/ru/news/reviews/itogi-programmy-nurly-zhol-zyat-let-poyavlenie-platnyh-dorog-novye-rabochie-mesta-rost-gruzoperevozok-2133112>

